Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ

1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

TORAIGHYROV UNIVERSITY

# ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2021)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**
о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269
выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

https://doi.org/10.48081/BFRH7055

---

**Бас редакторы – главный редактор**
Бурдина Е. И.
*д.п.н., профессор*

Заместитель главного редактора — Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*
Ответственный секретарь — Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

| | |
|---|---|
| Пфейфер Н. Э., | *д.п.н., профессор* |
| Жуматаева Е., | *д.п.н., профессор* |
| Абибулаева А. Б. | *д.п.н., профессор* |
| Фоминых Н. Ю., | *д.п.н., профессор (Россия)* |
| Снопкова Е. И., | *к.п.н., профессор (Белоруссия)* |
| Мирза Н. В., | *д.п.н., профессор* |
| Донцов А. С., | *доктор PhD* |
| Шокубаева З. Ж., | *технический редактор* |

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

FTAMP 14.07.07

https://doi.org/10.48081/MTHO2219

***Г. О. Мугауина[1], Р. К. Төлеубекова[2]***
[1,2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

# *БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУДА МӘДЕНИЕТ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*

*Әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени-дүниетанымдық мәселелер қойды. Соның бірі, білім беру саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау қажеттігі жаһандық талаптардың бірі.*

*Бұл білім беру мекемелерінде, соның ішінде жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда және білім мазмұны мен қарым-қатынаста іске асырылмақ және жоғары мектептің педагогикалық-психологиялық пәндер оқытушыларының кәсіби біліктілігін арттырудың жаңа жүйесін енгізу мәселесі болып табылады.*

*Мақалада болашақ педагог-психологтердің мәдениетін, педагогикалық мәдениетін, кәсіби мәдениет ұғымдарының анықтамасы, кәсіби-педагогикалық мәдениетінің түрлері, компоненттері, педагог мамандығының көпқырлы салалары, педагогтің кәсіби құзіреттілігі, педагог маманның жеке басына қойылатын талаптар, педагогтің кәсіби мәдениетінің қалыптасу кезеңдері көрсетілді. Сонымен қатар, кәсіби мәдениет ұғымын зерттеуші ғалымдардың пікірлері мен педагог-психологтің кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін кәсіби білімінің, іскерлігінің, дағдысының, жаңа заманауи технологиялық әдістерді қалыптастыру компоненттері қарастырылды. Зерттеуімізде Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен тәжірибелік зерттеу жұмысындағы эксперименттік және бақылау топтарындағы болашақ мамандардың кәсіби мәдениетінің деңгейін анықтауда алынған жұмыстар баяндалды.*

*Кілтті сөздер: мәдениет, кәсіби мәдениет, кәсіби педагогикалық-мәдениет, педагог, кәсіби педагогикалық мәдениет компоненттері, педагогикалық сауаттылық, кәсіби педагогикалық қызмет,кәсіби педагогикалық технология.*

**Кіріспе**

XXI ғасырдың басында Қазақстанда басталған мемлекеттік жүйенің, идеологияның, қоғамдық құрылыстың түбегейлі қайта құрылуы қоғамның барлық салаларын, мемлекеттік институттарды, әсіресе халыққа білім беру жүйесінің құрылымдарын қамтыды. Жаңа талпыныстар қазақстандық білім беру жүйесінің алдына жаңа маңызды мәселелер қойды.

Солардың бірі жоғары мектептің педагогикалық-психологиялық пәндер оқытушыларының кәсіби біліктілігін арттырудың жаңа жүйесін енгізу мәселесі болып табылады. Заманауи талаптар жоғары кәсіби біліктілікті меңгерген педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауды бірінші орынға шығарып отыр. Қазақстандық білім беруді модернизациялау тұжырымдамасының басым бағыттарының бірі жоғары мектептің педагогикалық-психологиялық пәндер оқытушыларының кәсіби біліктілігін арттыру мен жеке тұлғаға бағдарланған білім берудің қол жетімділігі мен сапасын көтеру болып табылады.

«Қазақстан-2050» Жаңа стратегиялық бағытының білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты бөлімінде кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керектігі және педагог мамандардың кәсіби біліктілі, құзіреттелігі, ғылыми-зерттеушілік, инновациялық қабілеттіліктерін көтеру маңызды орынға қойылып отыр [1].

**Материалдар мен әдістер**

*Мәдениет* – термині латынның сөзінен шыққан. Алғашқы мағынасы жерді өңдеу. Қазіргі кезде мәдениет – адамзат пен қоғамның барлық түрлерінің өзгеруі мағынасында және осы қызметтің нәтижесі ретінде түсінеді. Мәдениет – бұл адамдардың өмір жағдайларын меңгеру дәрежесін айқындайтын, қоғамның даму барысында дамыған, қол жеткізетін, материалдық және рухани құндылықтар деңгейі [2].

Болашақ мамандардың өмірлік қызметі және тұлға ретіндегі қалыптасу үстінде мәдениеттің рөлі маңызды зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген. Мәдениет дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті. Мұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда кәсіби мәдениеттің маңыздылығы.

*Кәсіби мәдениет* – бір кәсіпке қатысты адамдар топтарының бір ерекшеліктері ретінде кәсіби мәдениетті айқындау арнауы қызмет түрлерінің жинақталуына әкелетін еңбекті бөлу нәтижесі [3].

Кәсіби қызмет әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде күрделі құрылымға ие: оның пәні, құралы, кәсіби әрекетінің нәтижесі бар, олар: мақсат, құндылықтар, нормалар, әдістер, әдістемелер, үлгілер. Тарихи даму үдерісінде мамандық та өзгереді. Кейбіреуі жаңа әлеуметтік мәдени формаға ие болады, екіншілері – аса көп өзгермейді, үшіншілері – жойылып кетеді, төртіншісі – бірнеше өзгерістен өтеді. Кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі кәсіби міндеттерді шешу қабілеттерінің дамуымен сипатталады, яғни кәсіби ойлаудың дамуы.

*Педагогикалық мәдениет* – кәсіби қызметтің ерекешіктері мен кәсіби сапа жүйесінде көрінетін оқытушының жалпы мәдениетінің бөлігі ретінде қарастырылды. Бұл педагогтың кәсіби интегративті тұлғалық сапасы, педагогикалық қызметтің тиімді алғышарттары мен жағдайлары, педагогтың кәсіби құзіреттілігінің жинақталған көрсеткіші және кәсіби өзін-өзі жетілдірудің мақсаты.

Педагогикалық мәдениет ұғымының астарында үлгілер, өзін-өзі ұстау, мәнез-құлық ережелері, педагогикалық тактының, педагогикалық шеберлік пен техника, педагогалық сауаттылық пен білімдердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Мәдениеттанулық тұғырларды жасай бастағанда философия, әлеуметтану, педагогика, психологияда педагогикалық мәдениеттің жеке бағыттары мен жақтарына арналған зерттеулер жүргізілді; оқытушы тұлғасының рухани және физикалық, коммуникативті, технологиялық, адамгершілік, эстетикалық, әдіснамалық мәдениеті зерттелуде.

Сондықтан да, кәсіби педагогикалық мәдениеттің мазмұны жетекші құрылымдар мен қызметтер, жеке-кәсіби сапалар жүйесі ретінде қарастырылады.

Кәсіби-педагогикалық мәдениет мәнін түсіну үшін кәсіби және жеке мәдениеттің байланысын, оның ерекшеліктерін ашатын келесі әдіснамалық алғышарттарды білу қажет (И. Ф. Исаев, В. А. Сластенин бойынша):

– кәсіби–педагогикалық мәдениет – бұл педагогикалық шындықтың жан-жақты сипаттамасы;

– кәсіби-педагогикалық қызмет – құрылымдық-функционалдық, компонеттер қатарын қосатын жүйелі білім беру;

– кәсіби-педагогикалық мәдениеттің талдау бірлігі болып өз табиғатында қызметтің шығармашылығы болып табылады;

– педагогтың кәсіби-педагогикалық мәдениетін жүзеге асыру және қалыптастыру ерекшілігі әлеуметтік-педагогикалық тәжірибеде жинақталатын жеке-шығармашылық, психофизиологиялық және жас ерекшелік сипаттамасымен негізделеді [4, б. 576].

Көрсетілген әдіснамалық негіздемелерді есепке алу кәсіби-педагогикалық мәдениет үлгісін негіздеуге мүмкіндік береді.

Бұл кәсіби мәдениет феноменін отандық және шетелдік ғалымдар қарастырыла бастағаннан кейін жеке тұлғаның қасиеттері көптеген педагогикалық процестер мен құбылыстарға ие болуда. Сондай-ақ, «кәсіби мәдениет» термині маманның мәдениеті оның қызметіндегі ерекше сапасына қатыстылығы және мәдениет пәндік мазмұны ашылып, арнайы кәсібилігі мен кәсіби қызметі, кәсіби қоғамдастығы айқындалады.

Сондай-ақ, «кәсіби мәдениет» ұғымы шетелдік және Отандық педагогикалық еңбектерде XX ғ. 80-жылдарында пайда болды. «Кәсіби мәдениет» ұғымы мәдениеттің өзін емес, маман іс-әрекетінің сапалық ерекшелігін, мәдениеттің пәндік мазмұнын, кәсіптің өзіндік ерекшеліктерін және кәсіби қауымдастықтың өзара қатынасын айқындайды. Дәстүрлі анықтамамен айтқанда, кәсіби мәдениет дегеніміз – белгілі еңбек саласына қатысты маманның меңгеруіне қажетті арнайы теориялық білімдер мен практикалық білік, дағдылар жиынтығы деп айқындауымызға болады.

Жоғары аталған негіздемелерді есепке ала отырып, кәсіби мәдениеттің құраушы компоненттерін төмендегідей болып көрсетеміз:

Кесте 1 – Педагог-психологтің кәсіби–педагогикалық мәдениетінің компоненттері:

| Аксиологиялық мәдениет | Жеке шығармашылық мәдениет | Технологиялық мәдениет |
|---|---|---|
| Құндылықтар жүйесі;<br>Идеялар<br>Тұжырымдар<br>Білім<br>Біліктер<br>Әлеуметтік құндылықтар<br>Қоғамдық-педагогикалық<br>Кәсіби- топтық<br>Тұлғалық құндылықтар. | Адамгершілік<br>Эстетикалық<br>Ерік –жігер<br>Мотивациялық<br>Жауапкершілік<br>Шығармашылық | Кәсіби педагогикалық қызметтегі әдіс-тәсілдердің жиынтығы, Мақсат қою<br>Жоспарлау<br>Түзету<br>Сараптамалық-рефлексивті<br>Құрылымдық –болжаушы<br>Ұйымдастырушылық-қызметтік<br>Бағалау-ақпараттық<br>Түзетуші-реттеушілік |

Кәсіби-педагогикалық қызметтің аксиологиялық құрылымы білім берудің дамуының заманауи кезеңінде таратылатын педагогикалық құндылықтардың жиынтығын қарастырады. Нақты сол уақыттағы маңызды білімдер, идеялар, тұжырымдар педагогикалық құндылықтар болып табылады.

Педагог-психологтің кәсіби технологиялық компоненті – түрлі кәсіби міндеттерді шешуде қамтамасыз ететін құрал ретінде ұсынылады.

Педагогикалық – жеке тұлғалық шығармашылық мәдениет педагог тұлғасының шығармашылық бастамасын бейнелейді.

Педагогикалық шығармашылық педагог тұлғалық сапаларын, бастамаларын, жеке еркіндік, жауапкершілік, эстететикалық, құқықтық және басқа да қатынастарды иелене отырып, өзінің дамуын айқындайды.

Сондай-ақ, көптеген авторлар маманның қызығушылықтарын, көзқарастарын, нанымдардарын тұлғаның жеке қасиеттеріне және кәсіби бағдарлаудың тұрақтылығының критериалды көрсеткіштеріне жатқызады [5, б. 118].

Маманның кәсіби-тұлғалық дамуы деңгейінің бес негізгі критерийі бар: руханилық, кәсіби-біліктілік, кәсіби әрекетке операциялық-технологиялық дайындығы, шығармашылық белсенділік және бейімделу қабілеттілігі.

Рухани көрсеткіштер мына төмендегілер:

– кәсіби-әрекетке саналы қызығу;

– қарым-қатынас жасай білу, айналасындағылармен араласу;

– адамдарды түсіне білуі;

– адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру (ар-намыс, борыш, жауапкершілік);

– сөзі мен ісі арасындағы байланыс;

– рухани құндылықтарды бағалау.

Кәсіби – біліктілігінің көрсеткішіне жататындар:

– болжам жасау қабілеттілігі (жұмысын жоспарлау, қиындықтардың алдын алу, т.б.);

– әрекетінің жетістігі;

– әрекетінің саналы деңгейі (ғылыми негізде жұмыс жасау);

– стратегиялық, тактикалық міндеттерін белгілеу;

– кәсіби әрекетте түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу шеберлігі;

– күрделі кәсіби міндеттерді шеше білуі;

– әрекеттің мақсаттылық деңгейі;

– түрлі әдістемелер мен технологиялармен жұмыс істей білу;

– зерттеу жүргізе білу дағдысы;

– білім алушының тілін дамыту;

– ұйымдастыру қабілеті.

Шығармашылық белсенділік көрсеткішіне мыналар жатады:

– кәсіби әрекетте шығармашылық элементтерін қолдану;

– шығармашылық материалының күрделі деңгейі;

– өз шығармашылығын балаларға үйрете білу;

– балалардың шығармашылық қабілетін дамыта білу.

**Нәтижелер және талқылау**

Қазіргі таңда «кәсіби мәдениет» феноменін «кәсіби құзыреттілік» және «кәсіби маңызды қасиеттер» сияқты ұғымдармен толығып жатыр. Себебі кәсіби мәдениетті игеру кәсіби дайындық процесінде болатындықтан кәсіби құзыреттілікті игерумен қатар жүретіндігімен байланысты. Бірақ жоғары білікті маман үшін тек кәсіби білімге, дағдыларға, дағдыларға ие болу жеткіліксіз. Осылайша, кәсіби қызметті жүзеге асыру, егер ол кәсіби қызметтегі маманның жетістігін анықтайтын қасиеттерге ие болса, тиімдірек болады. Маманның мәдениеті практикалық тәжірибе арқылы дамиды, кәсіби шеберліктің зияткерлік негіздері біліммен қалыптасады, оның басты мақсаты - кәсіби құзыреттілікке қол жеткізу.

Зерттеушілер А. К. Маркованың айтуынша: Кәсіби құзыреттілік дегеніміз белгілі бір әлеуметтік ортада таңдалған салада еңбек қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін кәсіби маңызды білім, дағдылар мен дағдылардың жиынтығы, яғни белгілі бір біліктілік деңгейінде кәсіби қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі мен мүмкіндігі [6, б. 126].

Көрнекі орыс ғалымы Н. И. Исаева психологиялық мәдениеттің маңызды функциялары жеке тұлғаның бейімделуі мен сақталуын анықтайды [7, б. 235].

Сондай-ақ, педагог-психологтің кәсіби құзіреттіліктеріне: арнайы, жеке кәсібилігі, ақпараттылығы, инновациялығы, әлеуметтілігі, ғылымилығы, әдіснамалығы жатқызыруға болады. Оларды жеке қарастырсақ:

1 Арнайы немесе белсенді кәсіби құзыреттілік қызметтің жоғары кәсіби деңгейде болуын сипаттайды және арнайы білімнің болуын ғана емес, сонымен қатар оларды іс жүзінде қолдану мүмкіндігін де қамтиды.

2 Әлеуметтік кәсіптік құзыреттілік бірлескен кәсіби қызмет пен ынтымақтастық тәсілдерін, кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас әдістерін меңгеруді сипаттайды.

3 Жеке кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгеруді сипаттайды. Бұған маманның кәсіби қызметін жоспарлау, өз бетінше шешім қабылдау, мәселені көру қабілеті де кіреді.

4 Ғылыми ізденушілік қабілеттері, оқу тәрбие үдерісінде диагностика, зерттеу, талдау іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

5 Әдіснамалық-зерттеу әдістерін, құрылымдарын, құралдарын, деңгейлерін меңгеру.

Жоғарыда аталған тұжырымдамаларға сәйкес болашақ педагог-психолог маманының кәсіби мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында студенттермен зерттеулер жүргіздік. Зерттеуге Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің 5В010300 – «Педагогика және психология» 3 курс студенттерімен жүргіздік.

Тәжірибелік зерттеу жұмысымыздың мақсаты: болашақ педагог – психологтердің кәсіби мәдениетін, педагогикалық мәдениетін, психологиялық мәдениетін арттыру;

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында қолданылатын әдістәсілдер:

– ақпараттық-мазмұндық компонент үшін-жетістік тестілері;

– болашақ мамандардың кәсіби мәдениетінің эмоционалды-рефлексивті компоненті үшін Столиннің қарым-қатынасының сауалнамасы және Карповтың рефлексивтілігін зерттеу әдісі, операциялық белсенділік компоненті үшін-сауалнама.

Кәсіби мәдениеттің даму деңгейін бағалау әрбір бағаланатын параметр бойынша бағалаудың жалпы санының жалпыланған көрсеткіші негізінде жүргізілді. Рейтингтерді жиіліктік бөлу бойынша педагогикалық құзыреттілік компоненттерінің үш деңгейі үшін сандық мәндерді бөлдік:

– жоғары (70 %-дан астам);


– орташа (30 % – 70 %);

– төмен (30 %-дан төмен);

– зерттеу әдістемесінің нәтижелерін талдау және қорыту эксперименттік және бақылау топтарының студенттерінің кәсіби мәдениетінің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік берді (кесте 2). 2-кестеге сәйкес, болашақ студенттерді көпшілігінде педагогикалық мәдениеттің дамуының орташа деңгейі (бақылау тобында 51 % және эксперимент тобында 49 %) және төмен деңгейі (бақылау тобында 40 % және эксперимент тобында 43 %) бар. Онда оның даму деңгейін арттыру қажеттілігі көрсетілген.

Кесте 2 – Тәжірибелік зерттеу жұмысындағы эксперименттік және бақылау топтарындағы болашақ мамандардың кәсіби мәдениетінің деңгейі (бастапқы кезеңі)

| Топтар | ақпараттық - мазмұндық компонент | эмоционалды-рефлексивті компонент | Операциялық-белсенділік |
|---|---|---|---|
| Бақылау тобы 12- студент | 37 % | 61 % | 48 % |
| Экспермент тобы 12- студент | 40 % | 58 % | 49 % |




Сурет 1 – Тәжірибелік зерттеу жұмысындағы эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің кәсіби мәдениетінің деңгейі

Тәжірибенің нәтижелерін ескере отырып, студенттердің кәсіби мәдениетін сәтті дамыту процесін оқу тәрбие үдерісінде педагогикалық сүйемелдеумен қамтамасыз ету болып табылады деген қорытындыға келдік.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін өздігінен білім алу қызметінің моделін әзірлеу. Әзірлеген модель болашақ педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеу қызметінің моделі студенттерде өзін-өзі диагностикалаудың, өз қызметін жоспарлаудың және өзін-өзі бақылаудың жоғары деңгейінің дамуын болжайды.

Өзін-өзі тану сияқты күрделі психологиялық феноменнің мазмұнына қатысты әртүрлі көзқарастар бар. Тұлғаның өзін-өзі тану теориясының негізін салушы К. Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі танып білуі - адамның өзінің барлық тұлғалық мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін толық ашуға және дамытуға үздіксіз ұмтылысы [8, б. 45].

Сонымен бірге, өзін-өзі тану процесі – өзін тану, білу мақсатына жету әрекеттердің ауысуы, ал өзін-өзі тану құралы – өзін-өзі бақылау, өзіндік талдау, өзін басқалармен салыстыру. Өзін-өзі бақылау өз іс-әрекетін, қылығын, ішкі жағдайларына бақылау жасау және ол мақсат-бағдарлы болып келеді. Өзін-өзі бақылау – мінездік сипатын, қарым-қатынас ерекшелігін, тұлға қасиеттерін анықтауға мүмкіндігін тудырады [9, б. 9–10].

Өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылау арқылы және бақылаудың соңында талдау жасалынады. Алайда, адам өзін үнемі өзгелермен салыстырады, ал салыстыру әдісі өзін-өзі тану компоненті ретінде өзін-өзі бағалауы қалыптасады [10, б. 37–38].

Болашақ педагог-психологтің өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетінің біз әзірлеген моделі келтірілген, оған мыналар кіреді:

1 Мақсаты, міндеттері, құрылымы (диагностика, жоспарлау және өзін-өзі бақылау болып бөлінеді),

2 Бағдарлама, құралдар (әдебиетті оқу, өзіндік жаттығулар мен жаттығулар, практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындау, аудиовизуалды құралдармен жұмыс),


3 Әдістер (көрнекі, ауызша, практикалық) және формалар (интерактивті дәрістер, семинарлар, тренингтер және аутотренингтер).

4 Рефлексивтіліктің кәсіби маңызды сапасын қалыптастыру.

**Тәжірибелік зерттеу нәтижелері**

Кесте 3 – Студенттердің кәсіби мәдениет деңгейінің өзгеру заңдылықтары

| топтар | | ақпараттық мазмұндық компонент | эмоционалды-рефлексивті компонент | Операциялық-белсенділік |
|---|---|---|---|---|
| Бастапқы кезеңі | Бақылау тобы | 37 % | 61 % | 48 % |
| | Эксперимент тобы | 40 % | 58 % | 49 % |
| Қалыптастырушы кезең | Бақылау тобы | 39 % | 66 % | 50 % |
| | Эксперимент тобы | 71 % | 83 % | 65 % |




Сурет 4 – Студенттердің кәсіби мәдениет деңгейінің өзгеру динамикасы

**Қорытынды**

Қорытындылай келе, біз педагог-психологтің кәсіби мәдениетін кәсіби құзіреттіліктің синтезі, педагог-психологтің кәсіби маңызды қасиеттері, психологиялық-педагогикалық қызметтің компонеттерін, кәсіби құзіреттеліктерін сипаттадық.

Педагог-психологтің кәсіби мәдениетінің құрылымдық мазмұны келесі компоненттер арқылы ашылады: аксиологиялық компонент, технологиялық, жеке, когнитивті, рефлексивті, диагностикалық-түзету, ұйымдастырушылық-басқарушылық.

Кәсіби мәдениет кәсіби дайындық:

–- Оқу материалы зерттелгенге оралуды және оның кеңеюін қамтамасыз ететін концентрлік негізде құрылымдалған;

– мамандыққа мотивациялық және құндылық қатынасын дамыту өзін-өзі зерттеу, жеке рефлексия және өзін-өзі тану негізінде кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындықты дамытумен үйлеседі деп қарастырамыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылдың 17 қаңтарындағы «Қазақстан жолы – 2050 : Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2 **Исаев, В. Ф.** Профессиональная-педагогическая культура педагога. – М., 1993.

3 **Кузьмина, Н. В.** Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М., 1990.

4 **Сластенин, В. А. и др.** Педагогика : Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В. А. Сластенина. – М. : Издательский центр «Академия», 2002. – 576 с.

5 **Дружилов, С. А., Хашина, Д. В.** Ценностные ориентации как ресурсная составляющая, обеспечивающая успешность профессиональной адаптации [Текст] / С. А. Дружилов, Д. В. Хашина // Модернизация системы образования: подходы, решения, опыт реализации. – Новокузнецк : Изд-во Института повышения квалификации, 2003. – С.117–121.

6 **Маркова, А. К.** Кәсіби Психология. – М., 1996. – 308. – 126 б.

7 **Исаева, Н. И.** Профессиональная культура психолога образования [Текст] / Н. И. Исаева. – М. : Белгород, 2002. – 235 с. – Библиогр. С. 230–234.

8 **Алексеева, Л.** Жоғары мектеп оқытушысының психологиялық құзыреттілігі // Ресейдегі жоғары білім. – 2007. – № 8. – Б. 103–105.

9 **Амонашвили, Ш. А.** Адамгершілік педагогика туралы ойлар. – М., 1995. – 496 б.

10 **Алиева, Б. Ш., Рабаданов, М. Х.** Кәсіптік құзыреттілік ЖОО-да маман даярлау сапасының көрсеткіші ретінде. – Махачкала : ДГУ, 2010. – 352–357 б.

## REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidentı N. Ä. Nazarbaevtyñ 2014 jyldyñ 17 qañtaryndağy «Qazaqstan joly – 2050 : Bır maqsat, bır müdde, bır bolaşaq» atty Qazaqstan halqyna Joldauy [Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan dated January 17, 2014 «Kazakhstan's way – 2050 : Common goal, common interests, common future»].

2 **İsaev, V. F.** Professionälnaia-pedagogicheskaia kültura pedagoga [Professional and pedagogical culture of a teacher]. – Moscow, 1993.

3 **Küzmina, N. V.** Professionalizm lichnosti prepodavatelä i mastera proizvodstvennogo obuchenia [Professionalism of the personality of the teacher and the master of industrial training]. – Moscow, 1990.

4 **Slastenin, V. A. i dr.** Pedagogika : Ucheb. posobie dlä stud. vysş. ped. ucheb. zavedeni [Pedagogy : Study guide for students. higher. ped. studies. institutions] / V. A. Slastenin, I. F. Isaev, E. N. Shiyanov; Edited by V. A. Slastenin. – Moscow : Publishing Center «Academy», 2002. – P. 576.

5 **Drujilov, S. A., Haşina, D. V.** Sennostnye orientasii kak resursnaia sostavläiuşaia, obespechivaiuşaia uspeşnost professionälnoi adaptasii [Value orientations as a resource component that ensures the success of professional adaptation] / S. A. Druzhilov, D. V. Khashina. In Modernization of the education system: approaches, solutions, implementation experience. – Novokuznetsk : Publishing House of the Institute of Advanced Training, 2003. – P. 117–121.

6 **Markova, A. K.** Käsıbi psihologia [Markova A. K. Professional psychology]. – Moscow, 1996. – 308 p. – P. 126.

7 **İsaeva, N. İ.** Professionälnaia kültura psihologa obrazovania [Professional culture of an educational psychologist] / N. I. Isaeva. – Moscow; Belgorod, 2002. – 235 p. – Bibliogr. – P. 230–234.

8 **Alekseeva, L.** Joğary mektep oqytuşysynyñ psihologialyq qūzyrettılıgı. [Alekseeva L. Psychological competence of A Higher School teacher]. In Higher education in Russia. – 2007. – No. 8. – P. 103–105.

9 **Amonaşvili, Ş. A.** Adamgerşılık pedagogika turaly oilar [Reflections on moral pedagogy]. – Moscow, 1995. – P. 496.

10 **Alieva, B. Ş., Rabadanov, M. H.** Käsıptık qūzyrettılık JOO-da maman daiarlau sapasynyñ körsetkışı retında [Professional competence as an indicator of the quality of training of specialists in higher education institutions]. – Makhachkala : DSU, 2010. – P. 352–357.

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

**Г. О. Мугаунина[1], Р. К. Толеубекова[2]*
[1,2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.
Материал поступил в редакцию 10.12.21.

# ОСОБЕННОСТИ КОМПОНЕНТОВ КУЛЬТУРЫ В РАЗВИТИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

*На сегодняшний день происходящие социально-экономические, общественно-политические и культурно-мировоззренческие проблемы ставят новые задачи и приоритеные направления в мире. Одним из глобальных требований является необходимость подготовки конкурентоспособных специалистов в сфере образования.*

*В данной статье отражены вопросы по эффективному решению данной проблемы и пути реализации внедрения новой системы повышения квалификации преподавателей психолого-педагогических дисциплин Высшей школы.*

*В содержании научной статьи даны определения основным понятиям «педагогическая культура», «профессиональная культура будущего педагога», «виды профессионально-педагогической культуры», а также выделяются требования к личности педагога и описываются ключевые этапы становления профессиональной культуры педагога. Также были рассмотрены мнения ученых-исследователей понятия профессиональной культуры и компоненты формирования профессиональных знаний, умений, навыков, новых современных технологических приемов для осуществления профессиональной деятельности педагога-психолога. В исследовании были освещены работы, полученные в ходе опытно-исследовательской работы в Атырауском университете им. Х. Досмухамедова по определению уровня профессиональной культуры будущих специалистов экспериментальной и контрольной групп.*

*Ключевые слова: культура, профессиональная культура, профессиональная педагогика-культура, педагог, компоненты профессиональной педагогической культуры, педагогическая грамотность, профессиональная педагогическая деятельность, профессиональные педагогические технологии.*

**G. U. Mugauina[1], R. K. Toleubekova[2]*
[1,2]L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 10.12.21.

## FEATURES OF CULTURAL COMPONENTS IN THE DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL CULTURE OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS

*Today, the ongoing socio-economic, socio-political, cultural and ideological problems pose new challenges and priorities in the world. One of the global requirements is the need to train competitive specialists in the field of education.*

*This article reflects questions on the effective solution of this problem and the ways of implementing the introduction of a new system of advanced training of lecturers of psycho-pedagogical disciplines of Higher school.*

*The content of the scientific article defines the basic concepts of «pedagogical culture», «professional culture of the future pedagogue», «types of professional and pedagogical culture», and also highlights the requirements for the personality of the pedagogue and describes the key stages of the development of the professional culture of the pedagogue. The opinions of scientists-researchers of the concept of professional culture and the components of the formation of professional knowledge, skills, new modern technological techniques for the professional activity of a teacher-psychologist were also considered. The study highlighted the work obtained during the experimental research work at the Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov to determine the level of professional culture of future specialists of the experimental and control groups*

*Keywords: culture, professional culture, professional pedagogy-culture, teacher, components of professional pedagogical culture, pedagogical literacy, professional pedagogical activity, professional pedagogical technologies.*

Теруге 10.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
5,63 Mb RAM
Шартты баспа табағы 33,3.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3855

Сдано в набор 10.12.2021 г. Подписано в печать 29.12.2021 г.
Электронное издание
5,63 Mb RAM
Усл.п.л. 33,3. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка З. С. Искакова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3855

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
pedagogic-vestnik.tou.edu.kz